ЖК «ЖУМАНОВА А.С» ИП

Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, М.Шоқай к,22. Тел: 87022333300,87077444493.e-mail:zhumanovaTOO@mail.ru

Республика Казахстан, Туркестанская область, Жетысайский район, г.Жетысай, ул.М.Шокай,22. Тел: 87022333300,87077444493. e-mail:zhumanovaTOO@mail.ru

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

ішкі мемлекеттік аудит
департаментіне

ШАҒЫМ

Ұйымдастырушы **«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны»** өткізген № 3817142-1 (№ лота 28921220-ОК1) ашық конкурсының қорытынды нәтижелері бойынша келесі қатысушылар **ЖШС "Global int",ЖК «SMART TECH»** шағым қалдырған болатын. Алайда, осы қатысушы фирмалардың техникалық ерекшеліктерін ұсыну кезінде ҚР-ның мемлекеттік сатып алулар заңнамасының 150 пунктіне сәйкес кейбір заң бұзушылықтарға жол берілген. Атап айтқанда, **ЖК «SMART TECH»** техникалық ерекшелік ұсыну құжаттарында ұсынылылған интерактивті панельдің тек қана маркасын көрсеткен, заңға сәйкес марка, модель, өндіруші елді көрсетуге тиісті болатын.

ЖК «SMART TECH» мына шағымы *«Так же имеется аналогичное нарушение в части отсутствия количества панелей, так,согласно ТС Заказчика количество панелей составляет 8 штук, однако потенциальный поставщик ИП «Жуманова А.С.» не указал количество панелей, что является грубейшим нарушением, так как потенциальный поставщик может произвести поставку панелей в количестве 1 штуки и тем самым создаст усложнения приемки товара Заказчику»* бойынша, **ЖК «Жуманова А.С»** интерактивті панельдің әрбір данасына баға берілгенін және техникалық ерекшелікте 8 дана көрсетілгенін, сонымен қатар интерактивті панель маркасы **RIOTOUCH**, өндіруші **«DONGGUAN RIOTOUCH TECHNOLOGY CO.LTD»** екенін техникалық ерекшелікте көрсетілгенін хабарлай отырып, **ЖК «SMART TECH»** шағымының орынсыз екенін, **ЖК «SMART TECH»** өзінің техникалық ерекшелікті ұсыну барысында өрескел

заң бұзушылықтарға жол бергенін ескере отырып, ҚР-ның мемлекеттік сатып алулар заңына сәйкес дұрыс шешім қабылдауыңызды сұраймын.

Сонымен қатар, **ЖШС "Global int"** техникалық құжаттарында сатып алынатын тауарға кепілдік мерзімі 24 ай деп көрсеткен, сәйкесінше тапсырыс беруші тарапынан 36 ай мерзім көлемінде талап етілген.

Осы олқылықтарды ҚР- ның Мемлекеттік сатып алулар Заңнамасының тармақтарына сүйене отырып, қорытынды шешімін қайта қарауыңызды және заңға сәйкес қорытынды шешімін сәйкестендіруіңізді сұраймын.

Директор : **Жуманова А.С.**